




# СЕЙДІЛДА ҚАЖЫ, ОҚЫҒАН «-И-АЛІЙЕ-И-ДИНИЙЕ» МЕДРЕСЕСІ

Тереңкөл болысының тумасы - Кереку, Омбы, Новосибирь қазақтарына аты мәлім Сейділда Түйтебекұлының, өмірбаянында қажы 1908 -1911 жылдары Уфадағы «Ғалия» медресесінде білім алды деп жазылған. XIX ғасырдың соңы, XX шы ғасырдың басында Волга өзенінде су жолдары жақсы дамыған, Россияның Европалық және Сібір өңірлерін тікелей теміржол арқылы байланыстырған Россияның Шығысындағы өте ірі сауда орталығы, 1,5 миллион мұсылман халқы тұрған Губернияның бас қаласы Уфа - «Мұсылмандардың Діни Жиналыс» орталығымен (Магометанское Духовное Собрание) және жоғары дәрежелі діни оқу орындарымен де, әйгілі болған еді.



шартты сурет

Осы орайда, Сейділда қажы білім алып, із қалдырған Діни оқу орны туралы аз - көм деректерді оқырман назарына ұсынып отырмын. XX шы ғасырдың басында, Уфада «- и - Османіе», «-и - Хасаніе», және 1906 жылы ашылған Жоғары дәрежелі «- и - Аліе-и-Диніе» ( «Ғалия» ) медреселері болды. Медресе атауындағы «Али» сөзі ( жоғары -высший ) ұғымын білдірсе, араб тіліндегі «Ғали» сөзі де - «Жоғары, ұлы, атақты» деген атауларды білдіреді. Осы ұғымдарға байланысты қазақ тілі басшыларында «- и-Аліе -и-Диніе» медресесі, «Ғалия» медресесі деп аталып кеткен.

1906 ж. «Эль -Алемь эль Ислами» газетінде жарияланған мақаладан қысқаша: «..Въ зомь году открывается

въ Уфь высшее духовное медресе. Обученіе будетъ бесплатное. Штатъ около 60 – 70 учащихся. Сразу открывається три класса: первый и второй приготовительные классы и первый – высший...

1906 жылы 15 -ші қарашада «- и-Аліе -и-Диніе» Жоғары Діни медресесі алғашқы 70 шәкіртті қабылдап, оқу басталып та кетті. Шәкірттер үш оқу класына бөлінген. Оқу кластарының білім беру бағдарламалары да үш түрлі болған.

1907 жылы 18 қарашада медресенің үш қабатты жаңа оқу ғимараты пайдалануға беріліп, 2-ші деңгейдегі дайындық класы және 2 -ші жоғары деңгейлі класс ашылып, 160 шәкірт оқуға қабылданды.

1908 - 1909 оқу жылдары медреседе 3 -ші жоғары деңгейлі класс ашылып, оқу кластарының саны беске жетті.

1909 - 1910 оқу жылдары медреседегі шәкірттер саны 226 болды. 1910 жылы медресені 9 шәкірт бітіріп, Діни Жиналыс отырысында ( Духовное Собрание ) 21 оқушы арнайы сынақтар тапсырып, 20 - сы мүддарис, 1 оқушы хатыб дәрежесін алды.

1910 - 1911 оқу жылдары медреседегі шәкірттер саны 227 - ге жетті. 1911 жылы 8 шәкірт оқуларын аяқтап, Діни Жиналыс отырысында 16 оқушы арнайы сынақтар тапсырып, мүддарис атағын растайтын куәліктер алды.

...Мүддарис атағын алған 16 шәкірттің бірі Сейділда Түйтебекұлы деп, батыл болжам жасауға болады. Негіз: («НАЙЗАТАС» журналы. № 4 2019 ж) «Қажының өмірбаянында 1908 - 1911 ж.ж. Уфадағы «Ғалия» медресесінде білім алып келген С.Түйтебекұлы, 1912 жылы Трофимовка, Жаңақұрылыс ауылдарының ортасында мешіт ашып, балаларды оқытқан, Омбы, Новосибир аймақтарында тұратын қазақ балалары да оқуға келген деген деректер жазылған...».

Діни оқудың жан - жақты салаларын меңгерген адамды ел арасында аса білімді санаған. Осы орайда «Рушдия» немесе «Игдядия» бағдарламаларының бірі бойынша білім алған С.Түйтебекұлын, Кереку өңіріндегі діни білімі жоғары тұлғалардың бірі деп айту өте орынды. Себебі Татар және Башқұрт медреселерінің барлығында діни оқулар осы екі бағдарламалар негізінде оқытылған.

«Рушдия», с 3-летним курсом обучения:

1. Коран, таджвид ( руководство для правильного чтения корана ).
2. На языке «турки» гильмухал, гакаид, фикх ( учебники, выясняющие догматы, обряды и законоведение ислама ).
3. Грамматика, синтаксис арабского языка и арабская речь.
4. Правила поведения, история ислама, начальная гигиена.
5. Орфография «турки», грамматика.
6. Арифметические действия, дроби, правила геометрии.
7. География. 8. Начальная педагогика. 9. Числосписание. ( Ислам в царской России )

«Игдядия», с 4 - летним курсом обучения:

1. Изучение Корана, толкование Корана, изречение Мухаммеда.
2. Фикх, фараиз ( эти книги содержали догматические и законоведческие вопросы мусульманского богословия ).
3. Арабская литература.
4. Шариаатское право, логика, ораторское искусство.
5. Алгебра, общие сведения об астрономии.
6. Общая география, государственные законы России.
7. История ислама, всеобщая история.
8. Литература «турки». 9. Начальная педагогика. ( Ислам в царской России )

Деректер жеке архивімдегі 1914 ж. С- ПЕТЕРБУРГЪ баспасынан шыққан «М І Р Ы И С Л А М А» журналынан және «ИСЛАМ В ЦАРСКОЙ РОССИИ.» 1936 жылғы кітабынан алынды.

Нұрғалиев Совет Әбенұлы.  
Дәрігер – зейнеткер.